



4-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІҚАТЫНАСҚА

Зерттеу сұрағы және жоспары





Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі

Дәріс: Зерттеу сұрағы және жоспары

Зерттеуді бастамас бұрын зерттеу сұрағын жақсылап, анықтап алу аса маңызды. Кей жағдайда кейбір студенттердің жақсы зерттеу идеясы немесе қызықты тақырыбы болуы мүмкін, бірақ зерттеу сұрағы болмауы мүмкін. Бұның нәтижесі аса ауыр болады. Өйткені жұмысыңыз жай бір энциклопедия сияқты, нақты бір сұраққа жауа бермейтін ғылыми емес еңбек болып шыға келеді. Яғни еңбегіңіздің ешқандай сенім тудыра алатын қабілеті болмай қалады. Бұл дегеніміз сіздің еңбегіңіздің ғылым саласы үшін, тексерушілер үшін еш құны жоқ дегенді білідреді. Мысалы, сізді қызықтыратын тақырып теледидардың жасөспірімге ықпалы деген тақырып болуы мүмкін. Бұл қызықты тақырып, бірақ бұл жерде сұрақ жоқ. Оны зерттегеннен не аламыз, ол онсыз да белгілі жайт емес пе? Ал егер теледидардан порнографиялық немесе қатігездік элементтерімен болатын контентті көрудің баланың психикасына және болашағына қандай ықпал етеді және оны болдырмау үшін қандай әрекеттер жасалуы керек десеңіз, бұл зерттеу сұрағына айналады. Енді осыған сай оңай-ақ зерттеу мақсаттары мен міндеттерін анықтап шыға аласыз. Ал жай теледидардың ықпалы деп алсаңыз, сұрақтың мақсатын анықтауда қатты қиналасыз. Өйткені мақсаттар сұраққа жауап беру үшін құралады. Сұрағыңыз мейлінше анық болған сайын, әдістерді де құрастыру оңай болады. Мысалы бала дегеніміз кім? Ол қай жас аралығындағы балалар, ол отбасында тәрбиеленіп жатырған бала ма, жоқ жетімдер үйінде тәрбиеленетін бала ма, ол тек үйде теледидар алдында өсіп жатқан бала ма, әлде балабақшаға барып жүрген бала ма, ол қыз бала ма әлде ұл бала ма? Осы сұрақтарды анықтап алуыңызға қарай, сіз сұхбат аласыз ба, сауалнама жүргізесіз бе, жоқ бақылау жүргізу әдісін қолданасыз ба, сұрақтардың этикалық жағына қалай шеше аласыз, кімнен рұқсат сұрау керек болады деген келесі сатыдағы сұрақтардың жауабын таба аласыз. Сондай-ақ, бұл зерттеу шекарасын анықтайды. Егер жаңа ғана айтып өткен балаларға қатысты айтатын болсақ, онда сіз жоғарыдағы сұрақтарға жауап беру арқылы зерттеуіңіздің ауқымын, яғни шекарасын бірден айқындап аласыз. Әйтпесе, жай балаларға ықпалы деп алсаңыз, түрлі-түрлі балаларға қатысты ақпараттарды жинаумен-ақ уақытыңызды жоғалтып аласыз, оның үстіне бұл сіздің еңбегіңіздің сенім тудыру қабілетін күрт төмендетеді, өйткені жұмысыңызда әртүрлі жас категорияларына тән ерекшеліктер ескерілмеген, немесе толық емес отбасылардағы онсыз да болатын психикалық күйзелістер ескерілмеген деген сияқты сынның астында қалуыңыз мүмкін. Зерттеу сұрағы бағдар береді және сұрағыңызға қарай жұмысыңызды бағалаудың негізгі критерийіне айналады. Яғни сұрағыңыз әуел бастан дұрыс құрастырылмаған болса, бірден түрлі-түрлі сынның астында қалуға дайын болыңыз. Енді осыны түсіндіңіз делік, бірақ енді қалайша дұрыс сұрақ қоюға болады деп ойлануыңыз мүмкін. Бұл дұрыс сұрақ. Алғашқыда өз білетіңіз бойынша зерттеу сұрағын ойластырып көріңіз. Бірақ оның дұрыстығына көз жеткізу үшін тақырыбыңызға байланысты көп әдебиеттермен танысыңыз, соңғы уақытта бұл тақырып қалай зерттеліп жүргенінен хабардар болыңыз, бәлкім сіз қарайын деп отырған сұрақты бұрын да қарастырып қойған шығар. Егер бұрын оны қарастырып қойған болса, оны ары қарай дамытуға болады? Сұрақтың қай жағы осы уақытқа дейін онша қарастырылмаған? Осындай сұрақтарды басшылыққа ала отырып ізденсеңіз, жақсы зерттеу сұрағын құрауға болады.

Зерттеу сұрағының пайда болуына алып келетін тағы бір фактор – шабыт. Адам шабыттанған кезде бұрын өз ойламаған жаңа идеяға келуі мүмкін. Яғни шабыт шақыра алу керек деген сөз. Шабытты ояту үшін жеке түйсік пен тәжірибеңізге сүйеніңіз, бақылаумен айналысыңыз, заманауи мәселелермен таныс бола жүріңіз, мүдделі тараптардың мұқтаждығын анықтаңыз. Осылай сіз бұрын байқамаған мәселелерді көре алуыңыз мүмкін.

Тағы бір ескеретін жайт тақырып аясын тарылту. Тақырып аясы тар болған сайын, зерттеуді жүргізу де оңай болады, әрі тексерушілерге де зерттеуді бағалау жеңілрек болады. Зерттеуіңіздің сенім тудыра алу қабілеті де жоғарылайды.

Зерттеу сұрағын анықтауда мынандай төрт сатылы сұрақтарды қолдансаңыз болады? Сұрақтардың жауабы біреу не екеу ғана болуы керек:

- а) Тақырыбыңыз қандай? Жауаптардың мысалы: арқа ауруы, қалдықтарды өңдеу, тәуелсіз білім алу т.б.
- ә) Зерттеу жүргізілетін орта қандай? Жауаптардың мысалы: мектеп, жергілікті билік, аурухана, қоғамдастық т.б.
- б) Көздеген мақсатыңыз не? Жауаптардың мысалы: жаңалық ашу, сипаттау, өзгерту, барлау, түсіндіру, дамыту, түсіну т.б.
- в) Қандай сұрақ қоясыз? Жауаптардың мысалы: не, кім, қайда, қалай, қашан немесе неліктен?
- г) Қандай да бір потенциалды қарым-қатынасты зерттегіңіз келе ме? Жауаптардың мысалы: әсер ету, арттыру, азайту, қарым-қатынас, өзара байланыс, себептер.

ЗЕРТТЕУ ДИЗАЙНЫН ЖОСПАРЛАУ



Зерттеу сұрағын анықтап алған соң, зерттеу дизайнын жоспарлауға кірісіңіз. Дизайндауда ескеретін сұрақтар мыналар:

Кім? Кімді зерттейін деп жатырсыз? Және зерттеуіңіздің нәтижесі кімдер үшін маңызды? Зерттеудің барлығы да ауқымды бола бермейді. Кейбір зерттеулер тек бір кішігірім ауылдағы кішігірім маргиналданған топты зерттеуге арналған болуы мүмкін, ал оның нәтижелері тек сол ауыл тұрғындары үшін ғана қызықты болуы мүмкін. Егер зерттеуіңіз студенттермен байланысты болса, нақты қандай студенттермен жұмыс істейтініңізді айқындап алуыңыз керек. Кімді зерттейтініңіз мейлінше анық болған сайын, өзіңізге де зерттеу жүргізу оңай болады және жұмысыңызды тексерушілер мен қабылдаушылар арасында туындайтын сұрақтар да аз болады, бұл өз кезегінде жұмысыңыздың сенім тудыру қабілетіне де ықпал етеді. Кіммен жұмыс істейтініңізді, немесе кімді зерттейтініңізді айқындап алған соң, олармен қалай жұмыс істейтініңіз туралы ойланыңыз.

Қайда? Зерттеуді қайда жүргізесіз? Егер ол алыс жерде болса, онда оларға жету үшін қандай шығын кетеді? Қанша уақыт кетеді? Олар туралы ақпаратты тағы қандай жолдармен алуға болады? Егер бұл бір жұмыс орнымен байланысты болса, онда ол жерге сіз кіре аласыз ба? Кіру үшін кіммен жолығуыңыз керек? Кімнен рұқсат алу керек? Қандай құжаттарды толтыру керек? Осы сұрақтардың бәрі туралы ойлану керек.

Қашан? Зерттеу жүргізуге қанша уақыт керек екенін бақылауда ұстаңыз. Уақытты дұрыс жоспарламасаңыз, жасаған жұмысыңызды уақтылы тапсыра алмай, соңында істеген еңбегіңіз зая кетуі әбден мүмкін.

Берілген мерзімде қолданатын әдістеріңіз сенім тудыра ала ма? Қандай да бір әдісті қолдануға шешім қабылдаған болсаңыз, оны іске асыра аласыз ба? Мысалы, жаз кезінде студенттерден сұхбат алуды жоспарлаған болсаңыз, онда сіздің бұл әдісіңіз сенім тудыра алмайды. Өйткені жаз кезінде студенттерді табу оңай болмайды.

Қалай?

Деректерді қалай жинайды? Деректерді жинау, жасақтау және/немесе қалыптастыру үшін қолданылатын әдістер мен құралдар туралы шешім қабылдауды естен шығармаңыз.

Әдістерді қалай қолданамын? Әдістерді нақтылап алған соң, оны шынайы өмірде қалай жүзеге асыратыныңызды егжей-тегжейлі ойластырыңыз.

Не?

Нені іздейсіз/не жөнінде сұрайсыз? Зерттеу нысаны қандай болатынын дұрыстап ойланыңыз. Осы сұрақтың жауабын білмей тұрып, зерттеуге кіріскеніңіз дұрыс болмас.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІМЕН ТАНЫС БОЛУ

Зерттеу жүргізуде қандай әдістерді қолданған дұрыс екенін білу үшін сіз алдымен зерттеу әдістерінен хабардар болуыңыз керек. Қандай әдістер бар екенін біліп алмай, және оларды түсініп алмай, сіз зерттеуіңізге қандай әдістерді қолдануға болатынын да біле алмайсыз.

Әр әдіс әртүрлі қабілеттерді талап етеді. Мысалы, бір әдіс адамның тез тіл тапқыш болуын, таныс емес адамдармен сөйлесуге ұялмайтын болуын, ашық болуын талап етеді. Тағы біреуі компьютерде ұзақ отырып, компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеуді талап етеді. Яғни зерттеушінің техникамен дос бола білуі маңызды. Енді бір зерттеу әдісі тым сезімтал болмауды, ауыр әлеуметтік немесе табиғи апаты сияқты жағдайларда жұмыс істей алатындай төзімділіктің болуын талап етеді. Әдістерді таңдағанда өз мінезіңізді, қабілеттеріңізді және қолыңыздан келетін дағдыларыңызды да ескеріңіз. Мысалы, кейбір адамдар статистикалық деректермен жұмыс істеуге қатты қиналуы мүмкін. Бірақ сіз егер оған қиналатын болсам, онда ол менің кінәм, яғни өзімді тәрбиелеп, оны үйреніп алуым керек деп ойлауыңыз мүмкін. Дегенмен, уақыт мәселесін естен шығармау керек. Білмейтін әрбір нәрсеніңізді үйренуге уақыт жұмсайтын болсаңыз, зерттеуге берілген уақыт тек сонымен-ақ бітіп қалуы мүмкін. Ал сіз зерттеуден еш нәрсе өндіріп те үлгере алмайсыз. Сондықтан жаңа бір нәрсе үйренгіңіз келсе, уақыт жағынан үлгере аламын деген сұраққа жауап беріп алыңыз.

Енді сіз өз шама-шарқыңызды біліп алған соң, тәсілдерді қалай таңдау керек? Ол үшін бірінші дәрісте айтылған әдіснама, парадигма, әдістер деген терминдерге оралайық. Парадигма зерттеу сұрағын қарастыруға келгенде белгілі бір тәсілдер, құралдар, әдістерді қолданған жөн деп санайтын көзқарас жиынтығы. Бірінші дәрісте айтқанымыздай, позитивистік парадигмасы біздің дәрістерде басты орында болады. Өйткені позитивистік парадигма бойынша біз қоршаған әлемді зерттеу арқылы рационалды



Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі

Дәріс: Зерттеу сұрағы және жоспары

түрде оны талдап, тани аламыз дейді. Ал оны қалай зерттейміз дегенге келгенде сандық және сапалық әдіснамалар алдымыздан шығады. Әдіснамалар макродеңгей. Өйткені ол кішігірім әдістер мен құралдардың жиынтығынан құралады. Өл әдістер микродеңгей, өйткені ол әдіснаманың элементтеріне жатады. Егер сіз көбіне жалғыз жұмыс істегенді ұнататын болсаңыз, ең дұрысы математикалық есептеулер, қалған мәлімдеме сияқты нәрселерді зерттеушінің шешендігіне қарай құрастыра салуға болады деп ойласаңыз, есептің сүйемелденуіңізсіз жүргізілген зерттеулер онша сенім тудырмайды деген пікірде болсаңыз, және компьютерді жұмыс істегенде өзіңізді басқалардан қарағанда сенімді сезінсеңіз, сіз сандық әдіснамаға көбірек жақынсыз. Яғни сандық әдістерге жататын тәсілдерді қарап, солардың ішінен зерттеу мақсатыңызға сай келетінін таңдап алыңыз. Ал егер сіз компьютерге онша епсіз болсаңыз, әңгімелеуді, әңгімелесуді, мәтіндермен жұмыс істеуді жақсы көрсеңіз, адамдармен араласқанды ұнатсаңыз, сізге сапалық зерттеу әдіснамасы жақсырақ келеді. Егер де сіз зерттеу жай ғана қағаз жүзінде қалатын дүние болмауы керек, ол қоғамды өзгертуі керек, зерттеудің мақсаты әділдікке қол жеткізу, сол үшін күресу керек, керек болса қиын жағдайларға түсуге де бармын дейтіндердің қатарынан болсаңыз, онда сіз эмансипаторлық әдіске жақынсыз. Солай жалғастыра беруге болады.

Тағы бір мәселе зерттеушілер көбіне зерттеу сұрағының жауабын алдын ала білуі мүмкін. Және зерттеуді сол өзі күтетін жауапқа қарай икемдеп жасайды. Сәйкесінше, бұрыннан бар белгілі әдістерді, деректерді қолданады. Жаңа деректер жинауға, немесе жоспарын бара өзгертуге, жалпы ізденіс аясын кеңейтуге құлықты болмауы мүмкін. Осыдан сақ болыңыз.

Әдістерді жүзеге асыру қаншалықты мүмкін деген сұраққа жауап іздегенде мына нәрселерді ойлану керек:

ПРАГМАТИКА: ЖҮЗЕГЕ АСЫРА БІЛУ

- Әдіснамаңыз этикалық нормаларға сай келе ме?
- Деректерді пайдалану үшін рұқсат алдыңыз ба?
- Жоба үшін бөлінген уақытта зерттеу жасап үлгересіз бе?
- Жобаның қаржылық шығынын жабуға жағдайыңыз келе ме?

Бірақ қанша жерден жобаңызды жіті жоспарлағаныңызбен оның зерттеу барысында түбегейлі өзгеріп кетуі мүмкін екеніне дайын болыңыз. Сонда егер доспар өзгеріп кетуі мүмкін болса, онда оны соншалықты егжей-тегжейлі дайындаудың не қажеті бар деген сұрақ туындауы мүмкін. Есіңізде болсын, жоспары өзгертілген зерттеу болуы мүмкін, бірақ жоспарсыз зерттеу болмайды.